

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 22 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары
Р.В. Склярға

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б.Н. Асыловқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Роман Васильевич!
Құрметті Берік Ногайұлы!**

Бұгінгі күннің ең өзекті әрі күрделі мәселелерінің бірі адам өмірі. Құнделікті тіршілікпен байқамаймыз, күніне қаншама адамның тағдыры жол үстінде шешіліп жатыр. Жол мұраты жету - дейді. Дегенмен, діттеген межесіне жете алмай, мұрат жолында майып болған адам саны азаяр емес. Құқықтық статистика бойынша 2023 жылдың он айында елімізде 11мың 618 жол көлік оқиғасы болды. Оның ішінде 1942 адамның – 1 мың 386 ер, 556 әйел, 246 кәмелетке толмаған жасөспірім жол үстінде жан тапсырған.

Сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі дене жарақатымен түскендердің саны 14 мың 456 адамды құрады. Осылардың ішінен қаншама азamat мүгедек болып өз қолы өз аузына жетпей қалды. Неліктен бұл дүниенің көлігі о дүниеге жедел жөнелту құралы болып отыр? Бұған байланысты бірнеше себептерді атап, солардың шешілу жолдарын Үкіметтен сұраймыз және осы мәселелерге қатысы бар барлық мекемелер мен жауапты тұлғалардың қызметін тексеруді Бас прокуратураға қажет деп есептейміз:

1. Жүргізуши күәлігінің сатылуы, сыйлық ретінде таратылуынан тәжірибесіз жүргізушілердің көбеюі, қысқасы осының маңайындағы коррупция қашан шешіледі?

2. Біздегі техникалық тексеру орталықтарының басым бөлігінің берген сараптамалары жалған. Олардың қолына ақша қыстырысаң болғаны қалаған құжатынды аласың. Көлік ол жерге көз қылып кіреді де шығады. Соңдықтан да ескі машиналар техникалық жағынан сын көтермесе де трассада жүр.

3. Оң рульді көліктердің көбеюі немесе оң рульді көлікпен адам тасымалдау бизнесінің артуы белең алыш барады;

4. Оң рульді көліктердің еш техникалық қауіпсіздікті сақтамастан, заңсыз жолмен сол бетке ауыстырылуы, нәтижесінде техникалық ақаудың орын алуды, жол апатының болуына алыш келеді;

5. Индрайвер, яндекс, арнайы жарнамалау арқылы заңсыз адам, жүк таситын жабайы таксилердің көбеюі, қала аралық такси бизнесінің көлеңкелі экономиканы күшейтуі салдары жолға қойылмай отыр;

6. Қырық, елу адамдық қалааралық жолаушылар автобустарының техникалық қауіпсіздігі мәселесінің мемлекеттік қадағаланбауы, жылдамдықты мөлшерден тыс арттыруы және автобус жүргізушілерінің тәжірибесінің жеткіліксіздігі;

7. Ауыр жүк көліктерінің шамадан тыс жүк артуы, салдарынан жолда дөңгелектерінің жарылуы, жүктерінің құлауы немесе жол ережесін сақтамауы;

8. Үлкен жолда ерсілі-қарсылы ағылшын жатқан жеңіл көліктің жартысына жуығы Қырғызстан, Армения, Грузия, Ресей сынды шетелдік тіркеудегі жеңіл машиналардың көбеюі, заңсыз жасалған көлік техпаспорттары, тіркеуге алынбаған машиналар мен жылдамдықтың шамадан тыс артуы;

9. Жол сапасына да ерекше тоқталу қажет. Облыс маңызды және ауыл аралақ жолдар көп жерлерде сын көтермейді, бір жолақты, енсіз, одан қала берді шүрк тесік. Бұл да жол апатының бірден бір себебі болыш табылады.

Статистика бойынша Алматыға күніне кіретін 700 мыңға тарта көліктің жартысына жуығы қалаға такситетіп ақша табу мақсатымен келеді. Нәтижесі республикамызда жол көлік оқиғасы көп болатын аймақтар басында Алматы қаласы тұр. Жыл басынан бері аталған сегіз ай ішінде онда 826 оқиға тіркелген. Үштікті Алматы және Жамбыл облыстары тұйықтайды.

Депутаттық саулалық қарауды және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Күрметпен,

**«Ауыл» ХДПП партиясы фракциясының
депутаттары**

**Е. Саурықов
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Әбден
Ж. Даирбаев
С. Егізбаев
А. Зейнұллин
Т. Серіков**

Орынды. А. Байжанова
тел. 74 63 92